

Сапақкөл орта мектебі КММ

2023-2024 оқу жылындағы «Оқуға құштар мектеп»

жобасы бойынша іс-шаралар нәтижесі

Мектеп кітапханашысы: Медетова Г.

2023-2024 оқу жылы

Сапақкөл орта мектеп кітапханасында 2023-2024 оқу жылындағы «Оқуға күштар мектеп» жобасы бойынша өткен шаралардың нәтижесі :

Жобаның міндеттері:

-Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін арттыру.


2023-2024 оқу жылы бойынша «Оқуға күштар мектеп» жобасы бойынша жалғасын табуда. Мектепшілік жоспар бойынша тақырыпқа сай шаралар өткізілді. Сапақкөл орта мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жоба аясында I тоқсан «Ақындар айтысы» шарасы бойынша 1-сынып оқушылары «Кітапты жан азық деп қанып іш» тақырыбында кітапханаға саяхат жасап, түрлі ертегі кітаптармен танысты.

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетіндігін, рухани азық екендігін ұғындыру.

Кітапханамен таныстыру.

Сапақкөл орта мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жоба аясында тақырыбы: Бізді ақылды ететін кітап-дана» атты кітаптар керуені өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетінін түсіндіру. Шығармашылық қабілетін, тіл байлықтарын, ой-өрісін дамытып, кітап оқуға деген күштарлығын ояту.



Мектебімізде тілдер күніне орай «Тіл-ең асыл құндылық» атты сыныптан тыс шара өткізіледі.

Шара мақсаты: оқушыларға тілдің қадір-қасиетін арттырып, өзге тілдің бәрін біліп, өз тілімізді құрметтеуге тәрбиелеу.



Сапақкөл орта мектебінде 25-қазан Республика күніне орай «Тәуелсіздік елім-кең байтақ жерін, елін құрметтеуге тәрбиелеу»

«Оқуға құштар мектеп» жоба аясында ұйымдастырылған Республикалық балалар байқауының аудандық кезеңіне қатысып, III-дәрежелі дипломмен 10-сынып оқушысы: Тоғызбаева Әсел марапатталады.



«Күзгі серуен, күзгі демалыс, күзгі ғажап» Іс-шаралар жоспарына орай, «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша тақырыбы: «Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр»-атты шара өткізілді.

Мақсаты: Күзгі каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, үшін оқырмандармен жұмыстану.



Сапақкөл орта мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық ақындар айтысы шара аясында «Ер есімі-ел есінде» тақырыбында 5-сынып оқушылары-мен танымдық сабақ өткізілді.

Мақсаты: Ақын-сазгер Жолдыбай Айтқұловтың айтыс өнеріндегі сара жолын оқушыларға үлгі ету, таныту



Мектебімізде 15-қазан Ұлттық валюта-теңге күніне орай, «Теңге- тәуелсіздік келбеті» атты іс-шара өтті.

Мақсаты: Оқушыларды тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі-теңгемен таныстыру, төл теңгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезеңі туралы мәліметтер беру.

Сапақкөл орта мектебінде 5-сынып оқушыларымен 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне «Тәуелсіздік тірегі»-қайсар рухты қазақтың» атты іс-шараға оқушыларды көрмемен таныстырып, Тәуелсіздік туралы өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Мақсаты: Желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету

«Тәуелсіздік белестері» тақырыпта кітап көрмесі өтті.

Мектеп кітапханасында тоғыз айға, тоғыз іс-шара жобасының жоспарына сәйкес «Кітап оқуға құмарлық» атты «Оқуға құштар мектеп» челенджі өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту, және белсенді кітап оқуға тарту.



М.Мақатаев туылған күніне орай «Мұқағали-қазақ поэзиясының Хантәңірі» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Кешке қатысқан оқушыларға мектепшілік Алғыс хат табысталды.

Мақсаты: Поэзияға деген қызығушылықтарын, ана тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.



Сапақкөл мектеп кітапханасында 14-ақпан Халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектебіміздің казак тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Г.Жұмабекова М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын сыйға тартты.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Қыста кітап оқимыз» жадымызға тоқимыз атты іс-шараға 5,6,7-сынып оқушылары қатысты. 5-сынып оқушысы: А.Аманжол Ф.Онғарсынованың «Туған жер өлеңі» т.б


Мақсаты: Қысқы демалысты тиімді пайдалану, мақсатында оқушылар үйлерінде кітап оқып, мазмұндап айта біледі.



Тоғыз айға тоғыз іс шара тұжырымдамасын іске асыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» Республикалық челенджі қазақ батыры, халық қаһарманы жазушы: Қ.Қайсеновтың «Жау тығындағы бала» шығармасына арналды. «Қасым ерлігі» атты бейнематериалдар көрсетіліп, өмірі мен кітаптары таныстырылды.

Мақсаты: Батырдың ерлік істерін өскелең ұрпаққа үлгі ету.

Жыл басы наурыз мерекесіне тойлауға арналған іс-шаралар жоспарына орай «Тарихы терең Әз-Наурыз» кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген тоғыз айға, тоғыз іс-шара тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, Республикалық ғылыми педагогикалық кітапхананың ұйымдастырумен «Оқуға құштар мектеп» челенджі қазақ батыры: Қ.Қайсеновтың «Жау жылындағы бала» шығарма т.б кітаптарынан тақырыптық көрме жасақталды.

Мектебіміздегі 23-сәуір «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық» күніне орай: «Кітап мәңгілік ел қазынасы» шара өтті.

Мақсаты: Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетінін, кітапқа деген қызығушылығын арттыру.



Қазақстан Ғалым Академиясының алғашқы президенті қазақ геолог-ғалымы Қаныш Сәтпаевтың 125-жыл толуына арналған: «Қазақтың Қанышы» атты кітаптар көрмесі жасакталды. Қ.Сәтпаевтың артына қалдырған ғылыми мұраларымен оқушыларға таныстыру.



17-мамыр Сапақкөл мектебінде Мамыр-Ынтымақ айы іс-шаралар жоспарына сәйкес оқушыларға арналған «Демалыста кітап оқимыз» буккроссингі өткізілді.

